09.50, 18.45, 23.30 Олимпиада күнделігі 10.00 Мегахит «21 ғасыр көшбасшысы»
12.30 Т/х Келінжан-2
19.25 Мәжіліс.кз
21.00 7 күн
22.00 Большая неделя
23.50 «Discovery...»
00.35 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 22.00 «Қарындасым, қарлығашым»
11.10 «Қызым»
12.10, 00.00 «Жауынгер»
13.10 «Алдараспан»
18.10 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00, 02.40 «Астана кеші көңілді»
20.45 «Аялы алақан»
21.00 Т/х «Әйел тағдыры-2»
01.10 «Сулеймен сұлтан»
02.00 «1001 түн»
03.10«Келіндер»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 Әйел сыры
07.25 Той заказ
08.00, 03.15 Паутина
08.50 Воскресные беседы
09.05 «Чужая милая»
12.30 Қазақша туризм
13.00 Две звезды. Отцы и дети
14.50 Х/ф «Серебряные коньки»
17.25 «Добрый вечер, Казахстан!»
18.30 «Лучше всех!»
20.00 Грани
21.00 Все к лучшему-2
00.50 Концерт

КТК

07.05, 03.20 Мерекелік концерт
08.00 Соғады жүрек
10.00, 23.40 «Дом культуры и смеха»
11.30 Х/ф «Нераскрытый талант-3»
15.30«Махаббат – жұмақ төріндей»
18.30 Ән мен әнші
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Олюшка»
01.10 «Кектен туған махаббат»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Қазақстанда жасалған»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Безбен»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Сыралғы»
13.45 Инфо-блок
14.00 «Зерде»
14.40 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Қазақ тілі»
19.20 Инфо-блок
19.30 «Жүрек сөзі»
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әндер мен жылдар»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
06.30 «31 әзіл»
08.00, 02.10 «Тамаша live»
08.30 «Тәтті шоу»
09.00 «ТелеБинго»
09.25 Готовим сАдель
09.55 Ералаш
10.30 М/с «Аладдин»
11.00М/с «Волки и овцы»
13.00 Кино «Патриот»
16.50 «Астерикс на олимпийских играх»
19.25 «Астерикс о Обеликс в Британии»
21.35 Х/ф «Каратель»
00.10 Концерт Ә.Кәрімов
04.00What`s up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 Гу-гулет
07.00 «Япырай»
08.00 Құтты қонақ
09.00, 16.10, 03.00 «Тақиясыз періште»
10.00 «Орел и решка»
11.00Х/ф «Двойник дьявола»
13.00 К/ф «Үйім сенсің»
15.00 Концерт Ж.Айжанова
18.10 Т/сл «Пизнесмен Қанат»
19.30 «Алғашқы махаббат»
21.00 Т/сл «От любви до ненависти»
01.00 «В ожидании Варваров»
04.10 «Qелі»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

ДӘРІГЕРЛЕР ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ. АЛ, САУЛЫҒЫМЫЗДЫ САҚТАУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕТІН САЛАНЫҢ БІРІ – МЕДИЦИНА. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ОСЫ САЛАҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ МІНБЕРДЕГІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС.

Жыл санап елімізде, соның ішінде ауылдарда медициналық ұйымдардың бой көтеруі денсаулық сақтау саласының көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқандығының куәсі дерсің. Десе де көпшілік ауылдардағы жағдайға алаңдаулы-ақ. Осы тұста біз ауыл медицинасының ахуалын саралауда газетімізден арнайы айдар ашып отырмыз. Ондағы мақсат – елді мекендердегі медициналық мекемелердің тыныс-тіршілігінен және онда еңбек етіп келетін ақ желеңді абзал жандар туралы жазу. Ал, «айдардың» алғашқы мақаласы Ақсу ауданына қарасты Сағабүйен ауылының дәрігерлік амбулаториясы мен ондағы ел денсаулығын сақтауда аянбай тер төгіп жүрген дәрігерлерге арналады.

Денсаулықты сақтайтын – дәрігер болса, олардың халыққа қызмет жасауына мүмкіндік жасайтын – емхана емес пе. Екі мыңға жуық адамға медициналық қызмет көрсетіп келетін Сағабүйен ауылының дәрігерлік амбулаториясы 1983 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Осыдан біраз жыл бұрын дәрігерлік амбулатория орналасқан ғимараттың тозығы жетіп, ауылдағы жеке тұрғын үйдің біріне көшірілді. Бүгінде Алматы-Өскемен автожолы бойында орналасқан ауылдық дәрігерлік амбулаторияда 2 дәрігер, 13 медбике, 2 тазалықшы, көлік жүргізушісі ел игілігі жолында қызмет етуде. Сонымен қатар 6 орынды күндізгі емдеу стационары жұмыс істейді. Емхана жұмысымен медициналық мекемеде отыз бес жылдан астам уақыт еңбек етіп келетін терапевт-дәрігер Бақытгүл САҒЫМБЕКОВА таныстырды. Әңгіме барысында ауылдық амбулаторияның күндізгі емдеу стационарында ауыл тұрғындары күнделікті ем қабылдап жатқанын байқадық. Олар ақ халатты абзал жандарға дән ризашылықтарын да білдіріп жатты.

Терапевт-дәрігер Бақытгүл Бимолдақызының сөзінше, Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясынан бөлек, Сағакүрес пен Қарашілік елді мекенінде фельдшерлік пункт бар.

Кез келген дертті ауыздықтауда дәрігер біліктілігі аса қажет. Тарас ауылының тумасы орта мектепті тәмамдаған соң Талдықорған қаласындағы зооветеринариялық техникумын үздік аяқтап, сол кездегі Целиноград мемлекеттік медициналық университетінің емдеу ісі бойынша оқуға қабылданып, 1985 жылы терапевт-дәрігер мамандығын меңгерді.

Еңбек жолын Талдықорған қалалық ауруханасында Бауыржан Искаковтың қарамағында жұмыс істеуден бастады. 1986 жылдан бастап Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясында терапевт-дәрігер қызметін атқарады.

Ауылдың тынысы қандай кең болса адамдарының пейілі де сондай. Әрбір отбасының бір жақын адамына айналып кете баратын ауыл дәрігері күн мен түннің қай бір мезгілінде болмасын жәрдеміне мұқтаждың жанынан табылып, талай бақытсыздықтың алдын бөгеп, алғашқы берген тиянақты ем, нақты нұсқамасымен нешеме дерттінің аяғынан нық тұрып кетуіне себепкер болды.

«*Дәрігерлік мамандыққа бала кезімнен қызығушы едім. Қызығушылығым мақсатыма айналып, осы мамандықтың иесі атандым. Өмірде екі нәрседен қателеспеу қажет дейді. Бірі – өмірлік жар таңдау болса, екіншісі – мамандық. Мен екеуінен де жаңылмаған, бақыт-ты жанмын. Жұмысым – менің сүйікті ісім. Ал науқастың алғысын алу мен үшін үлкен мәртебе. Ризашылық білдірген науқастың шынайы ілтипатын естігенде бұл мамандықты таңдағаныма қуанамын*», – дейді Бақытгүл Бимолдақызы.

Тынымсыз еңбек жолында ел көңілінен шығып үлгірген ауыл дәрігері бұл дәрежеге ең алдымен бала кезінен өзі қалаған дәрігерлік мамандыққа деген құштарлығының арқасында қол жеткізді. Кәсібін шын сүйген оның мехнатын маңдайының терімен жеңілдетіп, жүрек жалынымен өзін де, өзгені де жылыта біледі. Денсаулық күзетіндегі отыз бес жылда Бақытгүл апайды сағабүйендік қауымға бауырдай етіп жіберген де осы мінезі, осы қасиеті болар.

Ол 2008-2010 жылдарда Көшкенталда, 2010-2011 жылдары Қызылағаш ауылдық дәргерлік амбулаториясы жұмысын жауапкершілігіне алып, меңгерушілік қызметті атқарды. «*2010 жылдың көктемінде Қызылағаш ауылын су шайып кеткенін білесіздер. Сол шақта ауылда жұқпалы аурудың тарап кетпеуі жолында аудандық аурухананың бас дәрігері А. Жұмагелдин мен қазіргі орынбасар Б. Құрымбайдың атсалысумен үлкен жұмыс атқарылды. Бұл еңбегіміз еленіп, Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хатымен марапатталдық*», – деп өткен күндерден сыр шерткен Бақытгүл Бимолдақызы ауыл тұрғындарының сұрауымен 2010 жылдың күзінде қайта Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясына терапевт-дәрігер болып еңбек жолын жалғастырған.

«*Өздеріңізге мәлім, 6 орынды күндізгі емдеу стационары жұмыс істейді деп айттым. Мұнда айына 35-40 адам тиісті емін алып шығады. Атап айтқанда, жедел, созылмалы бронхитпен, бүйректің созылмалы ауруларымен, қан қысымының көтерілуі сынды сырқаты барлар. Жалпы, медицина – жауапкершілігі мол әрі өте күрделі сала ғой. Сондықтан, айрандай ұйыған ұжымымыз ауыл тұрғындары денсаулығын нығайтуда күн мен түн, мереке демей өз жұмысына жауапкершілікпен қарауды үйренген. Аудандық аурухана басшыларынан бастап, бөлім дәрігерлерімен тікелей байланыста жұмыс істейміз. Жүкті әйелдердің, ана мен баланың денсаулығына көңіл бөлуде де қалыпты жұмыстар*

атқарылуда.

Әңгіме басында 1995 жылдан бері жеке тұрғын үйді ықшамдап, ауылдық дәрігерлік амбулатория етіп алғанымызды тілге тиек еткенмін. Алдағы уақытта жаңа дәрігерлік амбулаторияның құрылысын бастау туралы жоспарға еніпті деп естідік. Мұны енді, уақыт көрсетер», – деген ауыл дәрігері қазіргі таңда атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталып өтті. Айтуынша, соңғы жылда 5 түрлі ауруға байланысты скринингтік тексерулер жүргізілуде. Нақты айтсақ, артериялық қан қысымы, жүрек қан тамырлары, жатыр-мойын, емшек бездерінің қатерлі ісіктері бойынша алдын ала тексерулерден өту. Бұл – ауруды асқындырмай, дер кезінде анықтау жолындағы мемлекет тарапынан белгіленген жұмыстардың бірі болып табылады. Ал, тексеруден жылына 220-230 адам өтеді екен. Мұнымен қатар ауруларды басқару

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 3
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

бағдарламасы шеңберінде де ауқымды жұмыстар қолға алынған. Жобаның мәні пациенттің медициналық қызметкерлердің мультитәртіптік командасымен ынтымақтастықта өз денсаулығының жағдайын өзі бақылап отыруы болып табылады.

«*Аурудың алдын алуда ел арасында жүргізілетін ақпаратты жұмыстардың маңызы өте зор. Әсіресе, қазіргі таңда орын алған коронавирус инфекциясының таралуы кезіндегі дерттің қалай жұғатыны, оның алғашқы белгілері туралы, ана мен бала денсаулығына қатысты ақпараттарды мобильді телефон, аудио және видео жазбалар арқылы таратып отырамыз. Осы орайда вакцина алуға қатысты жұмыстар да күн тәртібіндегі басты мәселенің біріне айналды. Екпенің бірінші және екінші компоненттін алғандар ревакцинациядан өтуде. Аудандық аурухананың арнайы мамандары ел ішінде түсіндірме жұмыстарын да тиянақты жүргізіп келеді.*

Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясы орын тепкен жер жол үсті болғандықтан біз көлікте келе жатып қан қысымы көтерілгендерге, жол апатына ұшырағандарға алғашқы дәрігерлік көмек беруге даяр тұрамыз. Қысқасы, өзімізге жүктелген барлық шаруаны жедел әрі мінсіз атқаруға үйренгенбіз», – дейді Б. Бимолдақызы.

Мамандығын сүйетін білікті маман отбасында аяулы жар, екі баланың анасы. Бүгінде немере сүйіп отырған ардақты әже. Тындырымды тірлігінің арқасында Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хаты және Құрмет грамотасымен марапатталды. Еңбектің еленіп, алғыс болып қайтқанына қуанатын маманның мамандығына деген құрметі үлгі алуға тұрарлық.

Ақ желеңді абзал жанның қайқайсысы да құрметке лайық. Десе де, өмірге ұрпағының аман-сау келуіне үлес қосатын акушерлік қызметін әрбір ана ұмытпаса керек. Өмірге перзенттің келуі – жауапты әрі жолын таңдаған. Талдықорғандағы медициналық училищенің фельдшер мамандығы бойынша білім алды. Оқу орнын тәмамдаған жылы Ақсу аудандық орталық ауруханасына медбике болып орнығып, он жыл тапжылмай еңбек етті. 2002 жылдан бері Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясында акушерлік қызметті атқарып келеді.

«*Өмірге ұрпақтың келуі – маңызды үрдіс. Болашақ мемлекет иелерінің саулығы – бүгінгі ананың саулығымен тікелей байланысты. Біз сол ана мен баланың амандығы үшін еңбек етеміз. Мен үшін нағыз бақыт – бөпесін бауырына басып, қуанған ананың жымиған жүзін көру*», – деген Нәзгүл Барлыққызы өткен жылда жүктілік кезеңіндегі 50 әйелдің аман-есен босанғанын, қазіргі таңда тіркеуде 21 жүкті әйел тұрғанын айтты. Олардың арасында дәрігердің күнделікті қадағалауына алынғандары да бар.

Отыз жылдан астам бір салада еңбек етіп келетін Н. Жұмабекова дәрігер болу үлкен мәртебе екенін, ал мамандық таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажеттігін де баса айтты.

Қалай десек те, өзге адамның денсаулығы үшін еңбек етіп, ыстық ықыласы мен аялы алақанын ұсына

таңғажайып құбылыс. Осы сәтте анаға дем беріп, дені сау ұрпағын бауырына басуға себепкер болатын да осы сала мамандары. Адамзат өмірі үшін жауапкершілік арқалайтын маман иесі – Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясының акушері Нәзгүл ЖҰМАБЕКОВА.

Медицина саласындағы жиырма жылдық еңбек өтілі акушерлік қызметпен астасқан ол Есеболатов ауылындағы он жылдық мектепті бітірген соң анасының ізімен медицина білетін ақ халаттылардың еңбегі еренақ. Қазіргі пандемия бұрынға қарағанда дәрігердің қадірін арттырып, адам өміріндегі орнын айқындай түскендей. Үзілгелі тұрған үмітті қайта жалғайтын, тіпті кейде ажалдан арашалап, екінші өмір сыйлайтын ақ халаттылар қандай құрметке де лайық дерсің.

Сарби ӘЙТЕНОВА

АҚСУ АУДАНЫ

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ ЖАН

Бүгінгі уақытта мәрт, жомарт адамдарды меценат, демеуші деп те айтып жатады. Сондай жандардың қатарына кәсіпкер, меценат , ҚР «Құрмет» орденінің иегері Қайрат Нұрғалиевті қосар едік.

Қайрат Оразғалиұлы 1965 жылы 28 қыркүйекте Алматы облысы Алакөл ауданына қарасты Қызылқайың ауылында дүниеге келген. 18 жасында ауылдық орта мектепті бітіріп, әскерге аттанған. 1983-1986 жылдарда Кеңес әскерінің «Әскери -теңіз флотының» бөлімінде әскери борышын абыроймен өтеп келген соң Мәскеудегі атақты М.Ломоносов атындағы жоғары оқу орнына түседі. 1988 жылы жоғарғы оқуын аяқтап, туған ауылына оралады. Білімді жас жігіт Мәскеуден жинап келген тәжірибесі мен бойындағы білім қазынасын туған жерінің гүлденуіне жұмсайды. Атақ пен даңқ құмай, туған ауылына келіп еңбек етуі көпке үлгі боларлық өнегелі іс. 1988 жылдан 1995 жылға дейін комсорг, совхоз директорының орынбасары болып түрлі қызмет атқарды. 1995 жылы Алматы қаласына қоныс аударып, ТОО «РАИЗ и К-ның» директоры болып тағайындалды. Еңбек ете жүріп 1999-2003 жылдары «Қазақ экономика және Консалтинг» университетінде «қаржы және несие» мамандығы бойынша білім алды. Осылайша ол алғырлығымен қатар мол тәжірибесінің арқасында жаңа белестерді бағындырды. Қайрат Оразғалиұлының бұл ісі әр уақытта білімнің пайдасын терең сезініп, оқудан, үйренуден жалықпағанын көрсетеді. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы «Саңыраулардың қазақ қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «№3 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорыны» мекемесінің директоры қызметін атқарады.

Қайрекеңнің еңбекке жақын болуы әкесі мен анасынан дарыған қасиет. Әкесі Оразғали ақсақал да өз заманындағы ауқаттылардың санатынан көрінген кісі. Ол қатарынан бірнеше жыл жүз қойдан екі жүз жиырма қозы алғандықтан елдің мақтанышына айналып, республика көлемінде еңбек етудің зор үлгісін көрсеткен қария. Сондай-ақ еңбекқорлығымен бірге өзіне тән даналығымен де абырой жинап«Қазақстан чемпионы»атанған адам.

Анасы Пархинур апай да ұлының бойына адамгершілік, адалдық, батылдық қасиеттерін сіңіріп, азамат болып қалыптасуына зор үлесін қосқан батыр ана. Қайрат Оразғалиұлы өсіп жетілген соң, перзенттік парызын өтеу жолында анасын бірнеше рет Меккеге қажылыққа апарып, ақ батасын алған азамат. Жүрегіне иман ұялаған азаматтың ел-жұрты үшін істеген қайырымдылық істері өте көп. Қазақтың «бай болсаң халқыңа пайдаң тисін» деген сөзін терең сезініп, жомарттығымен жұршылыққа аты танылды.

Қайрат Оразғалиұлы қазіргі таңның өзінде көптеген адамды жұмыспен қамтып, мәселелерінің шешілуіне көмегін тигізіп отыр. Бұдан өзге жыл сайын ауылына, өзі білім алған мектебіне түрлі көмек көрсетіп, білім шаңырағына қолдау білдіріп тұрады. Өзі оқыған мектебіне түрлі сыйлықтар мен қоса тіпті үлкен қазақ үй де тарту еткенін білеміз.Сондай-ақ еліміздің өзге аймақтарына да ағаш отырғызып, көгалдандыру жұмыстарына атсалысып келеді. Қайрат ағаның ел сүйсінетін тағы бір зор ісі – қайырымдылықты өз атынан ғана емес, өзгенің атынан да жасауы. Бұл екінің бірінде кездесе бермейтін асыл қасиет. Қазіргі таңда кейбір кәсіпкерлер секілді арзан «хайп» қуаламай, ел жағдайының жақсаруына сәл де болса үлес қосуға шамасы келіп жүргеніне іштей болса да қуанады. Сонымен қатар әдебиет пен мәдениет саласында жүрген шығармашыл жандарға да қолдауын тигізген мәрт. Сөзімнің дәлелі болсын, былтыр ғана, 2021 жылы жетісулық белгілі ақын Жангелді Немеребайға (шығармашылығымен танысқан соң) өзі хабарласып, қабылдауына шақырды. Осы таныстықтан кейін ақынның «Ай туған сәт» атты жыр жинағын жарыққа шығарып бергеніне де куәміз. Ақынын іздеп, кітабын шығарып беруі қазақы мәрттіктің ерен үлгісі емес пе?!.

Қайрат Оразғалиұлы құдай қосқан жары жары Назгүл Жеңісқызымен бірге Азияна, Әлішер, Әмір, Ақбота есімді төрт бала тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылардың бірі. Өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында мемлекеттік «Құрмет» орденімен қатар «Ерен еңбегі үшін», сондай-ақ, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мен 25 жылдығына арналған мерекелік медальдармен марапатталды.

Жомарт адам берген сайын Алла Тағала ол адамның жолын ашып, тағы да бере түсуіне жағдай жасайтыны анық. Сондықтан кәсібін дөңгелеткен жастар Қайрат Нұрғалиевтың өнегелі ісіненен үлгі алса, туған еліміз бен дархан жеріміздің одан әрі гүлдене берері сөзсіз.

Е. НҰРАХМЕТ.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИАЦИЯ

ГИБКАЯ И НЕФОРМАЛЬНАЯ ПРОЦЕДУРА

ИНСТИТУТ ПРИМИРЕНИЯ В ОБНОВЛЕННОМ ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ МОЖНО РАССМАТРИВАТЬ КАК ЕДИНСТВО ДВУХ ЭЛЕМЕНТОВ – ПРАВА, РЕГУЛИРУЮЩЕГО ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ ДЕЙСТВИЯ СУДА ПО ПРИМИРЕНИЮ. НАРЯДУ С РАЗЪЯСНЕНИЕМ ПРЕИМУЩЕСТВ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР, К КОТОРЫМ МОЖНО ОТНЕСТИ СОХРАНЕНИЕ МЕЖДУ СТОРОНАМИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ, ОТСУТСТВИЕ ДАЛЬНЕЙШИХ СПОРОВ И КОНФЛИКТОВ, А ТАКЖЕ СВЯЗАННЫХ С ЭТИМ НЕРВНЫХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ ЗАТРАТ, ПОТЕРЬ ЛИЧНОГО ВРЕМЕНИ, ПРОБЛЕМ С ИСПОЛНЕНИЕМ СУДЕБНОГО РЕШЕНИЯ И Т. Д.

Напомним, что у нас в этом направлении с 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК.

Заключенное в ходе медиации соглашение об урегулировании спора (конфликта) вступает в силу в день его подписания сторонами, подлежит исполнению сторонами медиации добровольно в порядке и в сроки, указанные в соглашении. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения такого соглашения сторона медиации, нарушившая соглашение, несет ответственность в порядке, предусмотренном законами Республики Казахстан.

Серик НУРБАЙ,
главный специалист специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области №1.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВОСУДИЕ

ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ПРОЗРАЧНОСТИ И ДОСТУПНОСТИ

Последнее время в судебной системе нашей республики активно идут обширные процессы модернизации. Казахстанская судебная система внедрила в свою работу более современные и открытые форматы взаимодействия с обществом. Речь идет о 100-процентном электронном суде. Во всех судах Республики Казахстан заработала новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Так, с июня 2014 года функционирует электронный сервис «Судебный кабинет» - это единое окно доступа, где имеется возможность подачи в режиме онлайн, с помощью электронной цифровой подписи, искового заявления, апелляционной жалобы, кассационного ходатайство и электронного обращения. При этом в сервисе «Судебный кабинет» пользователь одновременно может оплатить государственную пошлину также в онлайн режиме, либо приложить банковскую квитанцию, чек с терминала оплаты.

Также в интернет-ресурсе Верховного Суда открыт новый сервис «Внешняя оценка судов». Проект «Внешняя оценка судов» реализован с одной стороны для дальнейшего обеспечения открытости, с другой – как объективный инструмент оценки работы судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде. В отличие от других инструментов общественного контроля вопервых, в анкетирование во внешней оценке судов могут принять участие только участники судебных процессов.

Важнейший аспект проекта, несомненно, то, что мы получим объективный срез общественного мнения в отличие от сомнительных высказываний в тех же, к примеру, социальных сетях и комментариях.

Еще одна отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет», завоевавший популярность в последнее время среди казахстанцев. Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

Внедрение и применение современных технологий, в том числе вышеуказанных проектов в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

БРАКОНЬЕРСТВО

УБИЛИ СИБИРСКУЮ КОСУЛЮ В НАЦПАРКЕ

Трое казахстанцев задержаны за незаконную охоту в государственном национальном парке. Инспекторы Тургенского филиала Иле-Алатауского государственного национального природного парка задержали трех браконьеров, стрелявших в сибирскую косулю, - передает Sputnik.

В процессе обхода территории квартала № 9 Есикского лесничества инспекторы Жылсбаев, Кумарбеков, Серикжан, Байтасов вышли на браконьеров, которые в тот момент разделывали сибирскую косулю. По словам инспекторов, на месте происшествия лежали мясо, голова, кожа и внутренности сибирской косули.

Мужчины, занимающиеся незаконной охотой, были задержаны на месте. Все они являются гражданами Казахстана, сообщила пресс-служба комитета лесного хозяйства и животного мира Минэкологии.

При задержании у правонарушителей изъято ружье марки «Вепрь-308» калибра 7,62, и два безымянных переделанных ружья. Правонарушители доставлены в отдел полиции Енбекшиказахского района Алматинской области. Сейчас ведется досудебное расследование.

Напомним, в Казахстане за незаконную охоту предусмотрена уголовная ответственность. В соответствии с законом «Об особо охраняемых природных территориях» охота на них запрещена.

ДТП

ЖЕНЩИНУ СПАСЛИ, ЗАЖАТУЮ В ИСКОРЕЖЕННОЙ МАШИНЕ, В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ

Пассажирка иномарки во время аварии получила множественные травмы ног и была в шоковом состоянии. В Северо-Казахстанской области пожарные спасли женщину, зажатую в искореженной в ДТП машине, сообщили Sputnik Казахстан в пресс-службе областного департамента по ЧС.

Днем 15 января на сельский пункт связи пожарной части поступило сообщение о том, что на трассе Кокшетау-Рузаевка, между селами Комаровка и Антоновка, произошло дорожно-транспортное происшествие, в результате которого в автомобиле зажало человека.

На место ДТП немедленно выехал дежурный караул части, возглавляемый капитаном гражданской защиты Олжасом Кабдушевым. По прибытии выяснилось, что произошло лобовое столкновение двух легковых машин — Lexus и Volkswagen Passat. Из автомобиля Volkswagen была спасена женщина 1977 года рождения, направлявшаяся из Есильского района в Имантау», — рассказали в ДЧС.

Женщина, находившаяся на переднем пассажирском сиденье, получила множественные травмы ног и была в шоковом состоянии.

«Счет шел буквально на минуты — ребята вскрыли дверцу и освободили зажатые искореженным металлом ноги пострадавшей. Осторожно перенесли ее на носилки и вместе с сотрудниками полиции и медицинскими работниками погрузили в машину скорой помощи. Она была экстренно доставлена бригадой скорой помощи в Айыртаускую районную больницу. Ее жизнь вне опасности», — прокомментировал спасательную операцию инженер районного отдела по ЧС лейтенант гражданской защиты Мурат Жамбылов.

Водителям обеих машин, находившимся в шоковом состоянии, также была оказана помощь медицинскими работниками.

Накануне синоптики распространили штормовое предупреждение об усилении ветра в Северо-Казахстанской области. На севере, юге, западе области ожидается метель. Ветер юго-западный 15–20 м/с, ночью на юго-западе области порывы 23–28 м/с.

ПРОИСШЕСТВИЕ

ЗАДЕРЖАН ПОДОЗРЕВАЕМЫЙ ПОГРОМА НА КЛАДБИЩЕ

УШТОБИНСКИМ ВАНДАЛОМ ОКАЗАЛСЯ 34-ЛЕТНИЙ ДУШЕВНОБОЛЬНОЙ МУЖЧИНА. ЕГО ПРИЧАСТНОСТЬ К УГОЛОВНОМУ ПРАВОНАРУШЕНИЮ ПОДТВЕРЖДАЕТСЯ СВИДЕТЕЛЬСКИМИ ПОКАЗАНИЯМИ И РЕЗУЛЬТАТАМИ ЭКСПЕРТИЗ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Полицейские Алматинской области сообщили о задержании 34-летнего мужчины, обоснованно подозреваемого в погромах на кладбище. В полицию был доставлен житель Уштобе, страдающий с детства умственной отсталостью. В правоохранительном ведомстве отметили, что причастность задержанного к преступлению подтверждается показаниями свидетелей и результатами экспертиз.

«Установлено, что осквернение захоронений произошло 16 января. Повреждены 14 могилок, у которых вырваны и разломаны ограды, деревянные и железные кресты, надгробные надписи и памятные венки. Фактов краж не выявлено. Родственники усопших поставлены в известность», — сообщили в пресс-службе департамента полиции Алматинской области.

Подозреваемого уже поместили на лечение в психоневрологический диспансер. 60-летняя мать подозреваемого записала видеообращение к общественности, в котором просит прощение за поступок своего сына, страдающего с детства умственной отсталостью тяжелой степени. Как выяснилось, 34-летний подозреваемый проживает в Уштобе, он с детства страдает психическим расстройством. Мужчина не может внятно разговаривать и изъясняется с родными при помощи жестов и звуков.

Как сообщалось, неизвестный устроил погром на православном кладбище в городе Уштобе. Видео разломанных крестов и кладбищенских оградок распространили в соцсетях.

Ранее местные жители обнаружили на кладбище разбитые и разбросанные всюду надгробные таблички, разломанные железные кресты и ограды. Горожане обратились с заявлением в местную полицию, потребовав установить и наказать виновных.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАҢҒЫ ҚОССАЙЫСЫ

СПОРТТЫҢ 8 ТҮРІНЕН БАҚ СЫНАЙДЫ

Бірер күннен соң Қытай астанасы Бейжіңде 2022 жылғы Қысқы Олимпия ойындарының алауы жағылады. Биылғы ақ қар, көк мұз үстіндегі бәсекеде Қазақстан құрамасы сапынан 34 спортшы спорттың 8 түрінен бақ сынайды.

Әсіресе шаңғы қоссайысында өнер көрсететін спортшымыздың жолына ерекше үңілеміз. Өйткені Қазақстан құрамасы 1994 жылдан бергі Қысқы Олимпиада тарихында биыл тұңғыш рет дәл осы спорт түрінен бақ сынауға мүмкіндік алды. Тарихи жолдаманың иегері – 26 жастағы алматылық Ш. Ракпаров. Жерлесіміз үш мәрте әлем біріншілігінде бақ сынаған.

«Халықаралық жарыстарда жиған ұпайымыз бойынша Олимпиадаға жолдама берілді. Шыңғыс үшін бұл Олимпиада үлкен тәжірибе болары анық. Екінші жолдама алатын мүмкіндігіміз де болған. Алайда ұпай санының аздығына байланысты ол жолдамадан қағылдық», – деді команданың бас бапкері Ділшат Мираев.

Шыңғыс Ракпаров Алматы қаласында дүниеге келген. Бозбала шағында елішілік жарыстарда тәуір нәтижеге ие болған ол 2013 жылдан бастап халықаралық ареналарда бой көрсете бастады. Ол сол жылы Польшаның Щирк қаласында ұйымдастырылған FIS кубогында бақ сынап, мәре сызығын небәрі 91-ші болып кескен еді. Бұл оның шетелдегі алғашқы ең ірі жарысы болатын. Кейіннен ол түрлі байрақты бәсекелерде ел намысын қорғады. 2017 жылы Алматы мен Астанада ұйымдастырылған қысқы Азиадада Қазақстан құрамасының ең үздік нәтижесін көрсетті.

«Олимпия ойындарына дайындық жоғары деңгейде өтіп жатыр. Карантин кезінде жаттығу жасауға әбден үйрендім. Ал іріктеу кезеңдеріне тоқталар болсам, жарыстар өте қиын болды. Пандемияға байланысты көптеген жарыстан қалып қойдық. Әрине, бұл өз кезегінде спорттық бабымызды сақтап тұруға кері әсерін тигізді. Дегенмен алға қойған мақсатымызды орындадық. Олимпиадада шаңғы қоссайысынан ел намысын алғаш болып қорғаймын. Бұл – мен үшін үлкен абырой», – дейді Ш.Ракпаров.

Аталған спорт түрінің тарихына үңілетін болсақ, елімізде шаңғымен трамплиннен секіру және шаңғы қоссайысы спортының дамуы Қадыр Нүкин, Александр Степанов, Сергей Гиржен және Павел Чулок секілді спортшылардың есімдерімен тығыз байланысты. Олар Алматы маңайында К-20, К-25 санаттағы трамплин салып, жергілікті тұрғындардың осы спорт түрімен жаттығуына зор мүмкіндік жасады. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін А.Степанов шекара училищесінің курсанттарымен бірге Алматының іргесіндегі «Таулы қырат» мекені аумағында 50 метрлік трамплин салды.

Ал 1956 жылдың жазында дене шынықтыру институтының оқытушысы Эдуард Чупровтың бастамасымен 55 метрлік трамплин бой көтерді. Арада бір жыл өткенде бұл жерде шаңғымен трамплиннен секіру және шаңғы қоссайысы бойынша бірінші республикалық жарыс ұйымдастырылды.

1959 жылы Қазақстанда осы спорт түрінен тағы ауқымды жарыстың жалауы желбіреді. Яғни, КСРО құрамындағы 9 республиканың ең үздік спортшылары бас қосып, өзара кім мықтыны анықтады. Арада үш жыл өткеннен кейін, яғни 1962 жылы шаңғымен трамплиннен секіру және шаңғы қоссайысынан Қазақстан құрамасының спортшылары Бакурианиде (Грузия) өткен КСРО Спартакиадасында жалпы командалық есепте бесінші орынға табан тіреді. Сондай-ақ дәл сол жылы Қазақ КСР-нің 14 дүркін чемпионы Александр Чивжель қазақстандық спортшылар арасында ең бірінші болып «Спорт шебері» деген атаққа ие болды.

1964 жылы елімізде жасанды жабыны бар трамплин пайдалануға беріліп, спортшыларымызға жыл бойы жаттығу жасауға мүмкіндік пайда болды. Бұл өз кезегінде қазақстандық спортшылардың КСРО біріншіліктеріндегі жаңа табыстарға қол жеткізуіне септігін тигізді. 1966 жылы Қазақстанда шаңғымен трамплиннен секіру және шаңғы қоссайысы бойынша мамандандырылған алғашқы мектеп ашылды. Оны 1970-1990 жылдар аралығында Қазақ КСР-нің бірнеше дүркін чемпионы Қадыр Нүкин басқарды. Аталған мектеп сол жылдары көптеген жоғары дәрежелі спорт шеберін тәрбиелеп шығарды.

Міне, аталған спорт түрінің Қазақстанда кең етек жаюының қысқаша тарихы осындай. Алдағы уақытта бұл спорт түрі бұдан да жақсырақ танылып, алдағы Олимпия ойындарында жолдама саны бірнеше есеге артады деп үміттенеміз.

Айта кетейік, Бейжің Олимпиадасында шаңғы қоссайысынан үш жүлде жиынтығы сарапқа салынады. Бір қызығы, шаңғы қоссайысы – биылғы Олимпиадада тек қана ерлер бақ сынайтын жалғыз спорт түрі.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ЖОЛДАМА ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТАР

Қазақстандық спортшылар биыл Сербия астанасы – Белградта жалауы желбірейтін жеңіл атлетикадан жабық кешендегі әлем чемпионатының іріктеу жарыстарына қатысып жатыр.

Қазақстан жеңіл атлетика федерациясының мәліметі бойынша, қазіргі таңда екі жерлесіміз, атап айтқанда, Надежда Дубовицкая мен Давид Ефремов әлем чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Чемпионат ережесі бойынша, жеңіл атлеттер байрақты бәсекеге қатысу үшін тиісті нормативті орындауы тиіс. Қазақстандық спортшылар дүниежүзілік біріншіліктің жолдамаларын Олимпия ойындарының жеңімпазы Ольга Рыбакованың жүлдесіне арналған халықаралық жарыста Қазақстан кубогы мен XXXI ел чемпионатында сарапқа салады.

Айта кетерлігі, іріктеу кезеңі 2022 жылдың 7 наурызына дейін жалғасады. Ал биылғы әлем чемпионаты 18-20 наурызға жоспарланған.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ БАС ШАҺАРЫ – АБУДАБИДЕ ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫЛДАП, НӘТИЖЕЛІ ӨНЕР КӨРСЕТТІ.

ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Атап айтқанда, 52,2 килоға дейінгі салмақта жұдырықтасқан Бағдат Жұбаныш финалда ресейлік Фархад Рахмоналиевті жеңіп, аралас жекпе-жектен үш дүркін әлем чемпионы атанса, Бекзат Жасия (65,8 кг) әлемдік додада ел қоржынына екінші алтынды салды. Жерлесіміз финалда испаниялық Хуан Изкуэрдоны төрешілердің шешімімен жеңді.

56,7 килода жұдырықтасқан Дастан Жақыпбеков күміс жүлдеге қол жеткізсе, Қазақстан әйелдер командасынан Айжан Әбдіқадыр (70,3 кг) да күміспен күптелді. Аса ауыр салмақтағы Расул Хатаев (120,2 кг) финалда ресейлік спортшыдан жеңіліп, екінші орынға табан тіреді.

АЛҒАШҚЫ ЖАРЫС

Биылдан бастап атауы Astana Qazaqstan Team болып өзгерген қазақстандық велоклуб 2022 жылғы алғашқы жарысын Испания тас жолдарындағы дәстүрлі «Валенсия вуэльтасына» бастайтын болды.

«ВАЛЕНСИЯ ВУЭЛЬТАСЫНА» ҚАТЫСАДЫ

1929 жылы тұсауы кесілген халықаралық жарыс биыл 73-ші мәрте өткелі отыр. Алғашында бұл жарыс Vuelta al Levante деген атаумен өткізілсе, 1984 жылдан бастап қазіргі атымен ұйымдастырылып келеді. Бұл додада қазақстандық спортшылар бір мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Атап айтсақ, 1999 жылы француздық Ag2r Prévoyance командасында өнер көрсеткен, қазіргі таңда Astana Qazaqstan Team клубының бас менеджері Александр Винокуров топ жарды. Ал 2019 жылы қазақстандық «Астана» клубының испаниялық өкілі Ион Исагирре жеңіске жеткен болатын. 2018 жылы «Астананың» екі өкілі Луис Леон Санчес пен Якоб Фульсанг бірінші және екінші орынды бөліссе, «Астана» ең үздік команда атанған-ды.

Astana Qazaqstan Team сапынан биылғы жарыста Мануэле Боаро (Италия), Давид Де Ла Крус (Испания), Фабио Феллине (Италия), Антонио Нибали (Италия), Винченцо Нибали (Италия), Александр Рябушенко (Беларусь) және Андрей Зейц (Қазақстан) үздіктер қатарынан көрінуді көздейді.

ТҰҢҒЫШ ЗІЛТЕМІРШІ

«КІШКЕНТАЙ ГЕРКУЛЕС»

Осыдан 55 жыл бұрын, яғни 1967 жылдың қаңтарында Болгарияның Кырджали өңірінде Наум Шаламанов есімді нәресте дүниеге келді. Уақыт оза ол өз дәуірінің теңдессіз спортшыларының бірі әрі бірегейіне айналды.

Өзінің алғашқы табыстарына Наум Болгарияның туы астында өнер көрсеткен кездері қол жеткізді. Бірақ тегі түрік болғандықтан, ол үнемі өзінің тарихи отанына оралуды аңсайтын. Содан 1986 жылы Мельбурнде өткен жарыста қонақүйден қашып шығып, бірден Түркияға тартты. Екі дүркін әлем чемпионынан айырылған болгариялықтар Халықаралық ауыр атлетика федерациясына шағымданып, өтемақы ретінде 1 250 000 АҚШ долларын талап етті. Ол кезде бұл өте көп ақша еді. Десек те олардың бұл өтініші қанағаттандырылып, асқан дарын иесі халықаралық аренада Түркияның намысын қорғау мүмкіндігіне ие болды.

Анадолы еліне келген бетте ол бірден өз есімін Наим Сүлейманоғлы деп өзгертті. Одан кейін-ақ көптеген толағай табысқа қол жеткізді. Өзінің спорттық карьерасында Наим үш дүркін Олимпиада чемпионы атанды. Атап айтсақ, 1988 жылы Сеул, 1992 жылы Барселона және 1996 жылы Атлантада өткен ғаламдық ойындарда алдына жан салмады. Сөйтіп, оның есімі үш дүркін Олимпия ойындарының жеңімпазы атанған тұңғыш зілтемірші ретінде тарихта қалды. 1985-1995 жылдар аралығында өткен әлем чемпионаттарында жеті мәрте топ жарды. Бес рет Европа біріншілігінде қарсылас шақ келтірмеді. Әлем кубогын үш мәрте ұтып, социалистік бағыттағы мемлекеттердің басын қосқан «Достық» додасында да дара шықты.

Сүлейманоғлы 2000 жылы Сиднейде алауы тұтанған Олимпия ойындарында да бой көрсетті. Бірақ 33 жастағы ардагер ауыр атлеттің жасыл құрлықта бағы жанбады. Содан кейін ол үлкен спорттан қол үзіп, Түркия парламентінің депутаты болды. Басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Өкінішке қарай, «Кішкентай Геркулес» атанған атақты спортшының өмірі қысқа болды. 2017 жылдың 18 қарашасында Наим бауыр циррозы дертіне ұшырап, фәниден бақиға аттанды. Даңқты ауыр атлет небәрі 50 жыл ғұмыр кешті.

Ауыр атлетика тарихында Сүлейманоғлыдан кейін тағы үш апайтөс Олимпия ойындарында үш рет бас жүлдені олжалады. Олар – түркиялық Халил Мутлу мен қос грекиялық Димас Пиррос және Кахи Кахиашвили. Бірақ әлем чемпионаттарындағы жетістіктері бойынша олардың ешқайсысы біздің кейіпкерімізбен теңесе алмайды. Аталған жарыста Наим жеті мәрте алтын тұғырға көтерілсе, Халил бес және Димас пен Кахи үш реттен сол белесті бағындырды. Сондықтан да осы спорт түрі тарихындағы ең атақты спортшы деп Сүлейманоғлыны атасақ еш қателеспейміз. Сонымен қатар Түркия тарланбозының 46 рет әлем рекордын жаңартқанын да айта кеткен жөн.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАққАНДАР

ӨНЕРЛІ БАЛА ӨРГЕ ЖҮЗЕДІ

Динара БУТАЕВА: – *Ұлым – Санжар Айдынұлы, он жаста. Қаладағы №19 мектеп-гимназиясында оқиды. Отбасымызда екі баламыз бар. Санжар екінші бала. Үйдің кішісі болғандықтан ағасына еркелеп жүреді, екеуінің қарым-қатынасы жақсы. Ұлым көп нәрсеге қызығады. Соның бірі - бокс. Спортты жақсы көреді, өзі шымыр. Сол себептен де өз қалауымен боксқа бердік. Қазіргі таңда біраз жүлденің иегері болды. Тек бұл ғана емес, мектепте де үздік оқушы. Ал, «Мейірім» шығармашылық орталығына 2021 жылдың қазан айынан бастап барады. «Вокал» және «Актерлік шеберлік» үйірмесіне қатысады. Бұл орталыққа келгелі бері балам жан-жақты ашылды: ән айтады, актерлік деңгейін шыңдады, өзімен жұмыс жасауды үйренді.*

Қазір байқасаңыздар көп бала гаджет, ұялы телефоннан шыға алмай қалған. Ал оның зияны болмаса, пайдасы аса көп емес. Біз бос уақытымызды қалай ұтымды жұмсасақ болады деп ойланып жүргенімізде осы орталыққа тап болған едік. Бұл орталықты естіген соң Санжардың да қызығушылығы оянды. «Мейірім» шығармашылық орталығының ұжымына алғыстан басқа айтарым жоқ. Ұстаздары – шебердің шебері-ақ. Ұлым әр үйірмеге қуана барады. Орталықтың ұстаздарына тек сәттілік тілеймін. Жұмыстары алға басып, балаларды қуантып жүре берсін.

***

Тамаша ЕГЕУБАЕВА: – *Қызым – Әмина, отбасындағы төрт баланың үшіншісі. Жасы алтыда. Алдында екі ағасы, інісі бар. Бауырларын өте қатты жақсы көреді. Ағаларының тілін алса, інісіне қамқор болып, мейіріммен қарап жүреді. Қаладағы № 14 орта-мектеп гимназиясында оқиды. Бос уақытында сурет салғанды, кітап оқығанды ұнатады. Сонымен қатар, қолы босай қалса маған көмектесіп, қолқабыс етеді.*

«Мейірім» шығармашылық орталығына қазан айынан бері барып жүр. «Домбыра» және «Сурет» үйірмелеріне қатысады. Қызым сабақ беріп жүрген ұстаздарының барлығын жақсы көреді. Әсіресе, сурет үйірмесіне барғанды ерекше ұнатады. Орталықтың жетекшісіне, үйірме ұстаздарына көп рахмет. Оқушылардың ешқайсысын бөліп жармай, бәріне бірдей білгенін үйретеді. Орталықтың ұжымына шығармашылық табыс тілеймін. Еңбектері жанып, төккен маңдай терлерінің жемісін оқушылары жақсы нәтижелермен көрсетіп, ақтай берсін.

***

Гүлшат АЯХМЕТОВА: – *Қызым - Махаббат Бауыржанқызы. Жеті жаста. Үйдің екіншісі. Аалдында ағасы,одан кейін сіңлісі және інісі бар. Балаларымның бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы, тату жүреді. Үлкендері кішкентайларға көмектеседі, қамқорлық көрсетеді. Қызым - атына заты сай, барлығын жақсы көріп тұрады. Айналасындағы жандармен тез тіл табысады, жатырқауды білмейді.*

Ол қаладағы № 12 орта-мектеп гимназиясында оқиды. Сабаққа ынтасы жақсы, үй тапсырмасын өзі орындап, маған тексертіп отырады. Өлеңді мәнерлеп оқу байқауына қатысады. Соның бірі Абай Құнанбаев оқулары. Бұл байқауға қатысып, марапатқа ие болған. Бұдан да бөлек біршама жүлде алды. Қызымның мінезі – нәзік, ой-қиялы озық. Кішкентайынан сурет салғанды жақсы көреді. Бір кірісце, сағаттап отырады. Би билегенді ұнатады. Қазіргі заманның талабына сай, тик-ток қосымшасы арқылы би билеп, түрлі бейнетүсірілімдер түсіреді.

«Мейірім» шығармашылық орталығын құрбымнан ести салысымен, дереу құжаттарын тапсырдық. Орталыққа барып жүргенімізге үш ай уақыт болды. «Сурет салу», «Батик» үйірмесіне қатысады. Үйірме өзіне қатты ұнайды. Сурет салудың қыр-сырын үйренді, қазір өте әдемі суреттерді салып жүр. Ал «Батик» үйірмесінде киім, матаға сурет салып үйреніп жүр. Қызым күнде сабақты қызықты өткенін, апайларының сондай жақсы кісілер екенін айтып отырады. Расында, ұстаздардың қайсысы бірін алып қарасаңыз да, балаларға қарым-қатынастары өте жақсы. Сабақты үйрету методикалары әртүрлі әрі қызықты.

«Мейірімнің» ұстаздарына үлкен табыс тілеймін. Еңбектері жана берсін. Отбасылары аман болсын. Осындай мықты ұстаздардың сабақ беріп отырғаны біз үшін мақтаныш. Орталық одан әрі көркейе берсін деймін.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Сананы сілкіген журналистер хикаялары

Журналистика саласының бағыты көп. Бірі саясат жайын қозғаса, енді бірі әлеуметтік тақырыптарға үңіледі. Ақпараттық, аналитикалық, зерттеу, спорт журналистикасының да адам баласына берері мол. Журналистер арасында жаңалық ашқандар, ерлікке барғандар, тіпті алаяқтық жасағандар да бар. Бүгін әлем санасын сілкінткен журналистер хикаясымен бөлісеміз.

Алғашқы трэвел-журналист

Журналистика саласына ерекше үлес қосқан жандардың бірі – америкалық Нелли Блай. Ол алдымен есінен алжасқан адам болып, жындыханаға жатады. Сол жердегі адамдардың өмірін бақылап, көрген-білгенін басылымға жариялайды. Соның арқасында денсаулық сақтау саласында реформалар жүзеге асады.

Кейін 1889 жылы Нелли 72 күндік әлем бойынша саяхатқа шығады. Ол Нью-Йорк – Лондон – Париж – Бриндизи – Суэц – Цейлон – Сингапур – Гонконг – Иокогама – Сан-Франциско – Нью-Йорк бағыты бойынша әлемді шарлайды.

Саяхаттың демеушісі баспагер Джозеф Пулитцер болады. Ол жас әрі талантты журналист бойынан тілшіге тән қасиеттерді байқап, оған қолдау көрсетеді.

Нелли тұрақтаған аймақтан арнайы репортаж жасап, телеграф арқылы баспаға жібереді. Нью-Йоркке оралған соң, басынан кешкен шытырман оқиғаларды жинақтап, «72 күндік саяхат» атты кітап жазады. Нелли Блайды бүгінгі трэвел-журналистикасының негізін қалаушысы деуге болады.

Адам өмірін улаған дәрі

1954 жылы Chemie Grünenthal атты неміс фармацевтикалық компаниясы «талидомид» дәрісін өндіреді. Дәрі алғашында эпилептикалық ұстамалары бар адамдарға арналып шығарылды. Кейін оның тыныштандыратын қасиеті бары анықталып, ұйқысыздыққа қарсы қолдана басталды.

Препарат әлемнің 46 елінде сатыла бастады. Дәрі қолданысқа енген 1 жыл ішінде ауруханаларда туабітті ауытқушылықтармен дүниеге келген балалар саны күрт артты. Соның ішінде көп баланың аяқ-қолы дамымай қалған болатын.

Босанған әйелдердің ауру тарихын зерттей келе, олардың барлығы жүктіліктің алғашқы айларында талидомид препаратын пайдаланғаны белгілі болады. Ол уақытта

халық эмбрионның дамуына дәрінің кері әсері болатынынан бейхабар болатын.

1961 жылы Welt am Sonntag басылымында неміс профессоры Ленц пен австралиялық дәрігер Макбрайдтың зерттеу жұмыстары жарияланып, дәрі туралы ащы шындық айтылады.

Бұл зерттеу жұмысы әлемдік дәрі-дәрмек лицензиялау жүйесін толықтай өзгертеді. Кез келген препаратты шығармас бұрын оның ұрықтың дамуына әсері тексерілуі міндеттелді.

«Мен жиһад болдым»

2014 жылы француз журналисі Анна Эрель (лақап аты) террористерге өз еркімен тұрмысқа шығып, елінен безген әйелдер туралы зерттеу жұмысын жүргізеді. Оның мақсаты олар қалай жастарды арбайды және неге бойжеткендер жиһадтарға өз еркімен баруға дайын екенін анықтау болатын.

Өзін мұсылманмын деп таныстырып, журналист әлеуметтік желі арқылы Ислам мемлекетінің әскерімен танысады. Оған әйелі болуға келісім береді. Әскер күн сайын оған қанша адамды өлтіргенін, қандай жазалау үрдістеріне қатысқанын айтып отырған. "Сенің менен алыс, күнәға толы әлемде, күнәһарлар арасында жүргеніңді елестету маған қиын. Маған келген кезде нағыз жұмақтың не екенін түсінесің",– деп жазған жігіт.

Толыққанды ақпарат жинағаннан кейін Эрель "ойынды" тоқтатып, алдымен мақала, кейін кітап жазады. Онда ол террористік ұйымдардың "қалыңдық" іздеуде қолданатын әдістері ашық көрсетеді.

Кітап жарыққа шығысымен журналистке бопсалау хаттары жиі келе бастаған. Ол әлі күнге дейін өзі атын жария қылмай, тәртіп сақшыларының қорғауында өмір сүреді.

massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 120
Индекс 15534